

**"Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер - Министрінің Бірінші орынбасары – Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 1431 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 2022 жылғы 12 шілдедегі № 694 бұйрығы

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер - Министрінің Бірінші орынбасары – Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 1431 бұйрығына мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитетінің ережесі осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде ресми жариялау және енгізу үшін "Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

2) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы*

*Премьер – Министрінің орынбасары –*

*Қаржы министрі*

*E. Жамаубаев*

Қазақстан Республикасы

Премьер – Министрінің

орынбасары –

Қаржы министрінің

2022 жылғы 12 шілдедегі

№ 694 бұйрығына

қосымша

Қазақстан Республикасы

Премьер –

Министрінің Бірінші

орынбасары –

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрінің

2019 жылғы 27 желтоқсандағы

## Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті туралы ереже

### 1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Комитет) республикалық бюджеттің атқарылуы мен жергілікті бюджеттердің атқарылуына, Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына, Жәбірленушілерге өтемақы қорына қызмет көрсете саласында және орталықтандырылған мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және өткізу саласындағы іске асыру функцияларын жүзеге асырады.

2. Комитет өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституациясына және заңдарына, Қазақстан Республикасы Президенті мен Укіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Комитет республикалық мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, қазақ тілде өз атауы бар мөрлері мен мөртаңбалары, белгіленген ұлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

4. Комитет азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан кіреді.

5. Комитет заңнамаға сәйкес уәкілеттік берілген жағдайда мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқылы.

6. Комитет өз құзыретіндегі мәселелер бойынша Комитет басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін заңнамада белгіленген тәртіппен шешімдер қабылдайды.

7. Комитеттің құрылымы және штат санының лимиті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітіледі.

8. Занды тұлғаның орналасқан жері: 010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Женіс даңғылы, 11

9. Комитеттің толық атауы – "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесі.

10. Осы Ереже Комитеттің құрылтай құжаты болып табылады.

11. Комитеттің қызметін қаржыландыру республикалық бюджеттен жүзеге асырылады.

12. Комитетке кәсіпкерлік субъектілерімен Комитет функциялары болып табылатын міндеттерді орындау түрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер Комитетке заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осы қызметтен алынған кірістер мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

## **2-тaraу. Комитеттің міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері**

### **13. Мақсаттары:**

1) респубикалық бюджеттің атқарылуы мен жергілікті бюджеттердің атқарылуына, Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына, Жәбірленушілерге өтемақы қорына қызмет көрсету;

2) міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарын, респубикалық бюджет бойынша түсімдердің және төлемдер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарын қалыптастыру және бекіту;

3) респубикалық, жергілікті бюджеттердің, Қазақстан Республикасының Ұлттық қорының, Жәбірленушілерге өтемақы қорының және Еуразиялық экономикалық одаққа (бұдан әрі – ЕАЭО) мүше мемлекеттердің бюджеттерінің арасындағы түсімдердің бөлінуін қамтамасыз ету;

4) респубикалық бюджеттің атқарылуы, жергілікті бюджеттердің атқарылуына Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына, Жәбірленушілерге өтемақы қорына қазынашылық қызмет көрсету сапасын арттыруға, қазынашылық ақпараттық жүйелерінің іркіліссіз жұмыс істеуі мен ақпараттық қауіпсіздігіне бағытталған қазынашылық ақпараттық жүйелерін жетілдіруді қамтамасыз ету;

5) бюджеттік есепке алуды жүргізу;

6) респубикалық және жергілікті бюджеттер бойынша қаржылық есептілікті шоғырландыру;

7) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің құрылымдық бөлімшелерін респубикалық және жергілікті бюджеттер бойынша бюджеттік есептілікпен қамтамасыз ету;

8) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің құрылымдық бөлімшелерін, уәкілетті мемлекеттік органдарды, ЕАЭО мүше мемлекеттерді және Еуразиялық экономикалық комиссияны (бұдан әрі – ЕЭК) бюджетке түскен түсімдер бойынша есептілікпен қамтамасыз ету;

9) Комитеттің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша халықаралық ынтымақтастық;

10) Комитеттің құзыреті шегінде ЕАЭО бойынша халықаралық шарттардың жобаларын дайындауға қатысу;

11) бюджеттің ақшасын басқару;

12) уәкілетті орган айқындастын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбелері бойынша орталықтандырылған мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруды және өткізуді қамтамасыз ету;

13) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де міндеттерді орындау.

### **14. Құқықтары мен міндеттері:**

1) мемлекеттік мекемелерден республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуын үйымдастыру үшін қажетті ақпарат пен мәліметтерді алу, ал оларды уақтылы ұсынбаған жағдайда бухгалтерлік есептілікті сұрату;

2) қаржылық тәртіпті сақтауға, мемлекет қаражатын мақсатқа сай және тиімді пайдалануға бағытталған ұсыныстар енгізу;

3) бірыңғай қазынашылық шоттары болуы және теңгемен және шетелдік валютада банктік шоттары болуы;

4) инвестициялық жобаларды іске асыру үшін жауапты мемлекеттік органдардан үкіметтік сыртқы қарыз қаражатының түсі (игерілуі) және жұмсалуы туралы есептер сұрату және алу;

5) шетелдік елдердің жұмыстарының тәжірибесін практикалық пайдалану бойынша ұсыныстар өзірлеу;

6) бюджеттік бағдарламалардың әкімшілерімен келісу бойынша түсімдердің болжамды көлемін ескере отырып, бюджеттік бағдарламалар бойынша төлемдерді жүзеге асырудың ай сайынғы кестесіне өзгерістер енгізу;

7) өз құзыretі шегінде бұйрықтарды өзірлеу және қабылдау;

8) үекілетті орган айқындайтын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер тізбесі бойынша орталықтандырылған мемлекеттік сатып алушы үйымдастыру және өткізу үшін, оның ішінде тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алушың жылдық жоспары, сатып алынатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің техникалық ерекшеліктері, жобалау-сметалық құжаттамасы, мемлекеттік сатып алу туралы шарт жобасы, тартылған сарапшылар немесе сараптамалық комиссия туралы ақпаратты, сондай-ақ өзге де қосымша ақпаратты сұратуға;

9) мемлекеттік мекемелердің қаржылық құжаттарында бұзушылықтар айқындалған кезде оларды тиісті органдардың қарауына жіберу;

10) республикалық бюджеттің атқарылуы мен жергілікті бюджеттердің атқарылуына, Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына, Жәбірленушілерге өтемақы қорына қызмет көрсету мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілердің жобаларын қарau;

11) Комитеттің құрылымдық бөлімшелері мен аумақтық органдарының қызметтеріне тексеруді жүзеге асыру, оларды жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізу;

12) мемлекеттік бюджетке қатысты және оның есебінен ұлттық және шетелдік валютада (оларды жүзеге асыруға үшінші тұлғаларға өкілеттік беру құқығынысыз), мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуінен түсken ақшаға; Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес олар алатын, мемлекеттік мекемелер үшін, филантропиялық қызметтен және (немесе) демеушілік қызметтен, және (немесе) меценаттық қызметтен және (немесе) кіші отанға қолдау көрсету жөніндегі қызметтен түсken ақшаға; Қазақстан Республикасының

заңнамалық актілеріне сәйкес жеке және (немесе) заңды тұлғалардың қайтарымдылық не белгілі бір жағдайлар туындағанда тиісті бюджетке немесе үшінші тұлғаларға аудару шартымен мемлекеттік мекемелерге беретін ақшаларына; квазимемлекеттік сектор субъектілерінің жарғылық капиталдарын ұлғайту және оларды инвестициялық жобаларды іске асыруға арналған республикалық бюджет туралы заңда не жергілікті бюджет туралы мәслихат шешімінде тиісті қаржы жылына көзделген ақшаға; қазынашылық сүйемелдеу шенберінде бас мердігерлерге және қосалқы мердігерлерге аударылатын ақшаға; мемлекеттік бағдарламаларды қаржылық және (немесе) қаржылық емес қолдауды жүзеге асыруға арналған бюджет ақшасына; Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігімен берілген қарыз шарттарына сәйкес мемлекеттік кепілдікпен қамтамасыз етілген мемлекеттік емес қарыздардың ақшасына мынадай банк операцияларын іске асыру:

қолма-қол ақшаны бақылау шоттарын ашу, жүргізу және жабу және бюджет заңнамасында көзделген шоттарды ашу;

аударым операциялары: мемлекеттік мекемелердің төлеуге берілетін шоттарының, мемлекеттік кірістер органдары, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің, қазынашылық сүйемелдеу шенберінде бас мердігерлердің және қосалқы мердігерлердің, қаржылық және/немесе қаржылық емес қолдау операторларының, мемлекет кепілдік берген қарызды тартқан қарыз алушылардың төлем тапсырмаларының негізінде төлемдерді жүргізу;

аккредитив ашу, олар бойынша міндеттемелер орындау және жабу.

## 15. Функциялары:

1) қолма-қол ақшаны бақылау шоттарын және бюджет заңнамасында көзделген шоттарды ашу, жүргізу және жабу;

2) республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері ұсынған түсімдердің және төлемдер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарын, республикалық бюджеттің міндеттемелері бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарын қалыптастыру кезінде міндеттемелер мен төлемдер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарының (сыртқы қарыздарды, гранттар мен кредиттеуді есепке алмағанда) жобаларын тиісті қаржы жылына арналған Қазақстан Республикасының республикалық бюджет туралы заңына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңды іске асыру туралы қаулысына сәйкестігі түрғысынан қабылдан алу және тексеру;

3) түсімдердің және төлемдер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарын, республикалық және жергілікті бюджеттердің міндеттемелері бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарын, өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып, қазынашылықтың біріктілген ақпараттық жүйесіне (бұдан әрі – ҚБАЖ) енгізу;

4) түсімдердің және төлемдер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарына, міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарына жылдық сомаларды қоса алғанда, өзгерістер мен толықтырулар енгізу;

5) республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілеріне республикалық бюджеттің атқарылуы бойынша есептік деректерді тұрақты және жүйелі жеткізу бөлігінде бюджеттік мониторингті іске асыруға қатысу және республикалық бюджеттік бағдарламалар бойынша (сыртқы қарыздарды, гранттар мен кредиттеуді есепке алмағанда) уақтылы міндеттемелерді қабылдамау және төлемдерді жүргізу себептерін анықтау мақсатында республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінен ақпарат жинақтау;

6) ҚБАЖ-да Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасын жүргізу;

7) ҚБАЖ-да Мемлекеттік мекемелердің анықтамалығын жүргізу;

8) мемлекеттік мекемелердің азаматтық-құқықтық мәмілелерін тіркеу;

9) түсімдерді әртүрлі деңгейлердегі бюджеттерге, Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына, Жәбірленушілерге өтемақы қорына және ЕАЭО мүше мемлекеттерге бөлу нормативтерін ҚБАЖ-да жүргізу;

10) түсімдердің бөлінуін қайта есептеу (облыстардың мәслихаттары шешімі бойынша бөлу нормативтердің өзгеруі нәтижесінде);

11) түсімдерді бірыңғай қазынашылық шотқа есепке енгізу;

12) түсімдердің сомаларын бюджеттер деңгейлерінің арасында, Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына, Жәбірленушілерге өтемақы қорына және ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің қолма-қол ақшаны бақылау шоттарына, кейіннен тиісті қолма-қол ақшаны бақылау шоттарына есепке енгізіп бөлу;

13) Қазақстан Республикасының Ұлттық қорының қолма-қол ақшаны бақылау шотынан түсімдердің сомаларын Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі шотына аудару;

14) ақшалай қаражатты ЕАЭО-ның қолма-қол ақшаны бақылау шотынан ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде ашылған шоттарына аудару;

15) бюджетке түсетін түсімдер бойынша есептіліктерді қалыптастыру және салыстыру, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің мүдделі құрылымдық бөлімшелеріне, Қазақстан Республикасының уәкілетті органдары мен ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына, ЕЭК-ке есептіліктерді ұсыну;

16) мемлекеттік мекемелер мен квазимемлекеттік сектор субъектілерінің міндеттемелері бойынша аударым операцияларын жүзеге асыру және есепке алу;

17) түсімдердің артық (қате) төленген сомаларын бюджеттен қайтару және (немесе) есепке жатқызу жөніндегі мемлекеттік кірістер органдарының төлем тапсырмаларын орындау;

- 18) инкассалық өкімдердің атқарылуына қызмет көрсету;
- 19) мемлекеттік мекемелер жүргізген төлемдерді қайтару кезінде кассалық шығыстарды қалпына келтіруді жүзеге асыру;
- 20) бюджет заңнамасында көзделген жағдайларда мемлекеттік мекемелерді қолма-қол ақшамен қамтамасыз етуді ұйымдастыру;
- 21) Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан республикалық бюджетке кепілдендірілген трансферт қажеттілігінің көлемін ай сайын болжамдау;
- 22) Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан республикалық бюджетке кепілдендірілген және нысаналы трансферт аудару туралы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне сомасын көрсете отырып, өтінім жіберу;
- 23) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің депозиттеріне республикалық және жергілікті бюджеттердің уақытша бос бюджеттік ақшаларын орналастыру және Қазақстан Республикасы Үкіметінің депозиттері бойынша республикалық бюджетке сыйақылар (мұдде) көлемін болжамдау;
- 24) салық және бюджетке төленетін басқа да міндettі төлемдерді төлеу есебіне жеке тұлғалар мен мемлекеттік мекемелердің өкілдерінен қабылданған ақшаны есепке жатқызу бойынша агенттің көрсеткен қызметтеріне ақы төлеу және агенттің көрсеткен қызметтеріне ақы төлеу бойынша республикалық бюджеттен жұмсалатын қаражатты болжамдау;
- 25) ҚБАЖ-да операциялық күнді жабу (ұлттық және шетел валюталарындағы шоттар бойынша банктік үзінділерге тексеруді жүзеге асыру);
- 26) шетел валютасында операцияларды жүзеге асыру және олардың есебін жүргізу;
- 27) мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепті жүргізу мен есептілікті жасау тәртібін айқындау бойынша ұсыныстар әзірлеу;
- 28) бюджеттік есепті жүргізу мен есептілікті күн сайын қалыптастыру;
- 29) жергілікті бюджеттердің атқарылуы туралы шоғырландырылған қаржылық есептілік жасау;
- 30) республикалық бюджеттің атқарылуы туралы шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасау;
- 31) мемлекеттік бюджеттің жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілігін жасау;
- 32) республикалық және жергілікті бюджеттер бойынша тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түскен ақша түсімдері мен шығыстары жоспарларының орындалуы туралы, филантропиялық қызметтен және (немесе) демеушілік қызметтен және (немесе) меценаттық қызметтен және (немесе) кіші отанға қолдау көрсету жөніндегі қызметтен түскен ақшаның түсуі мен жұмсалуы жоспарларының орындалуы туралы есептерді жасау және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің құрылымдық бөлімшелеріне ұсыну;

33) респубикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуы туралы деректерді дайындау және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің құрылымдық бөлімшелеріне ұсыну;

34) респубикалық және жергілікті бюджеттердің берешектерінің жай-күйі туралы қаржылық есептілікті жасау және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің құрылымдық бөлімшелеріне ұсыну;

35) өндірлер бөлінісінде нысаналы трансферттер, кредиттер және бюджеттік субвенциялар бойынша респубикалық бюджеттен бөлінген бюджет қаражатын бақылау және салыстыру;

36) үкіметтік сыртқы қарыз шоттарының, байланысты гранттардың, респубикалық бюджеттен бірлесіп қаржыландыру мен бюджеттің атқарылуы жөніндегі орталық үәкілетті орган белгілеген тәртіпке сәйкес қазынашылық органдарында ашылған сыртқы қарыз арнайы шоттарынан қаражат алуға бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің өтінімдерін қарау және келісу;

37) үкіметтік сыртқы қарыздар мен байланысты гранттар қаражатының түсі мен жұмсалуы жөнінде ай сайын жиынтық есептілікті қалыптастыру; респубикалық бюджеттің атқарылуы туралы есепті қалыптастыру үшін есепті кезеңдегі тиісті деректерді ҚБАЖ-ға енгізу: сыртқы қарыздардың игерілуі мен респубикалық бюджеттен бірлесіп қаржыландыру қаражатының жұмсалуы бойынша тоқсан сайынғы есептілікті қалыптастыру;

38) кредиттік шарттар бойынша төлеуге жататын сыйақы сомаларын есептеу жүргізу мен респубикалық бюджетке негізгі борыштың, сыйақылар мен басқа да төлемдердің тиесілі сомаларын Бірыңғай бюджеттік сыныптааманың тиісті кодтарына төлеу туралы қарыз алушыларды хабардар ету;

39) бюджеттік кредиттеу нәтижесінде, оның ішінде мемлекеттің мемлекет кепілдіктері мен кепілгерліктері бойынша міндеттемелерін орындауымен байланысты талаптар бойынша туындастын үкіметтік талаптардың борыштық міндеттемелерін есепке алууды қамтамасыз ету;

40) бюджеттік кредиттер мен олардың қалдықтары бойынша қарыз алушылардың респубикалық бюджет алдындағы берешектерін өтеуі жөнінде ай сайынғы, тоқсан сайынғы, жыл сайынғы жиынтық ақпаратты қалыптастыру және осы ақпаратты тиісті пайдаланушыларға нәтижелерді бағалау және мониторинг жүргізу үшін ұсыну;

41) Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдарынан бюджеттік кредиттер бойынша мерзімі өткен міндеттемелерді өндіріп алу жөнінде іс-шаралар үйимдастыру;

42) Үкіметтік борыштық міндеттемелерді орындау жөнінде алдағы айға талап етілетін көлемде шетел валютасының қажетті көлемін сатып алу туралы ақпаратты келісу және болжамды төлем кестесін жасау және бекіту;

43) мемлекеттік қарыздарды (Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің қысқа мерзімді ноталарын қоспағанда), мемлекеттік кепілдіктерді, экспортты қолдау бойынша мемлекеттік кепілдіктерді, мемлекет кепілдік берген қарыздарды, мемлекет кепілгерліктерін, мемлекет кепілгерлігімен берілетін қарыздарды, қарыздарды хеджирлеу жөніндегі мәмілелерді және Қаржы министрлігі жасасқан кредиттік шарттар мен оларға қосымша шарттарды тіркеу;

44) мемлекеттік кепілдік беру, мемлекет кепілдік берген қарыз шартына сәйкес міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету, мемлекеттік кепілдік бойынша міндеттемелер орындалған жағдайда дерексіз республикалық бюджет қаражатын қайтару мәселелері бойынша сенім білдірілген өкілдермен (агенттермен) өзара іс-қымыл жасау;

45) республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуы жөніндегі есептілікті және Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес өзге де есептілікті дайындау және мұдделі мемлекеттік органдарға ұсыну;

46) Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қолма-қол ақшаны бақылау шотындағы ақша қозғалысы туралы есепті дайындау және ұсыну;

47) Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының түсімдері мен пайдаланылуы туралы есепті жасау;

48) Жәбірленушілерге өтемақы қорының түсімдері мен оның пайдаланылуы туралы есепті жасау;

49) Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қалыптастырылуы мен пайдаланылуы туралы жылдық есепті жасау;

50) ҚБАЖ-ның төлем жүйелерімен өзара іс-қымылын ұйымдастыру;

51) қазынашылық ақпараттық жүйелерінің іркіліссіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету;

52) қазынашылық ақпараттық жүйелерінің ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

53) мемлекеттік мекемелер ұсынатын қаржылық құжаттардың қолданыстағы бюджет заңнамасына сәйкестігіне алдын ала және ағымдағы бақылау;

54) мемлекеттік мекемелердің жеке қаржыландыру жоспарларының жиынтық қаржыландыру жоспарына сәйкестігін, сондай-ақ Бірыңғай бюджеттік сыйыптамасының кодтарына сәйкестігін бақылау;

55) тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түскен ақшаны мемлекеттік мекемелер шоттарына есепке жатқызудың дұрыстығын бақылау;

56) мемлекеттік мекемелер ұсынатын міндеттемелер мен төлемдер бойынша жеке қаржыландыру жоспарларының, түсімдер мен төлемдер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарларының, міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарларының, жеке қаржыландыру жоспарларына, түсімдер мен төлемдер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарларына, міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарына өзгерістер енгізу туралы анықтамалардың, төлем тапсырмаларының, төлеуге ұсынылатын шоттардың, шот-фактуралардың,

шот-хабарламалардың, орындалған жұмыстар актілерінің, жүккүжаттары мен Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген өзге де құжаттардың және азаматтық-құқықтық мәмілелердің бюджет заңнамасына сәйкес келуін тексеруді жүзеге асыру;

57) квазимемлекеттік сектор субъектілері ұсынатын төлем тапсырмаларына тексеруді жүзеге асыру;

58) тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түскен ақшаның жұмсалуы жөніндегі операциялардың жүргізуін бақылау;

59) шетелдік валюталарды айырбастауға, қайта айырбастауға мемлекеттік мекемелер ұсынатын өтінімдерді, шетелдік валютада ақша аударуға берілген өтініштерді бюджет заңнамасына сәйкестігі түрғысынан тексеруді жүзеге асыру;

60) респубикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің және бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдарының жарты жылдық, жылдық бюджеттік және тоқсандық, жарты жылдық, жылдық шоғырландырылған қаржылық есептіліктерін қабылдауды және тексеруді жүзеге асыру;

61) ЕАӘО -ға мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарынан алынған кедендік баждардың сомалары бойынша ақпаратты салыстыруды жүзеге асыру;

62) аумақтық қазынашылық органдарының Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің ақпараттық қауіпсіздік саясаты талаптарының сақталуын бақылау;

63) Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің және қабылдануы Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінде көзделген бюджеттің атқарылу тәртібін айқындастын басқа да нормативтік құқықтық актілердің талаптары бұзылған кезде мемлекеттік мекемелердің жүзеге асырылатын төлемдерін тоқтата тұру;

64) бағалы қағаздардың ішкі нарығында Қазақстан Республикасы Үкіметінің эмиссиялық бағалы қағаздарын шығару;

65) респубикалық бюджеттің атқарылуы мен жергілікті бюджеттердің атқарылуына, Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына, Жәбірленушілерге өтемақы қорына қызмет көрсету саласында, сондай-ақ құзыretі шегінде ЕАӘО-ға мүше мемлекеттердің Қазақстан Республикасында ратификацияланған халықаралық шарттарын орындау саласында аумақтық қазынашылық органдарының қызметін үйлестіруді жүзеге асыру;

66) бюджет заңнамасы нормаларының сақталуы мәселелері бойынша аумақтық органдарға тексерулер жүзеге асыру, сондай-ақ аумақтық қазынашылық органдардың өздеріне белгіленген тәртіппен жүктелген функцияларды тиісінше орындауына бақылауды жүзеге асыру;

67) мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерді, оның ішінде мемлекеттік концессиялық міндеттемелерді тіркеу;

68) мемлекеттік-жекешелік әріптестік және концессия жобалары бойынша мемлекеттің қаржылық міндеттемелерді орындауын есепке алу;

69) қазынашылық сүйемелдеу шенберінде мемлекеттік сатып алу шоттарынан төлемдер жүргізу кезінде ағымдағы бақылауды жүзеге асыру;

70) уәкілдеп мемлекеттік сатып алушының тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер тізбесі бойынша орталықтандырылған мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және жүргізу;

71) Мемлекеттік сатып алуды жүргізу қағидаларында белгіленген құжаттарды қамтитын орталықтандырылған мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруға және өткізуге арналған тапсырманы қарау;

72) тапсырыс беруші ұсынған Мемлекеттік сатып алуды жүргізу қағидаларында белгіленген құжаттарды қамтитын тапсырма негізінде конкурстық (аукциондық) құжаттама жобасын әзірлеу және бекіту;

73) конкурстық (аукциондық) комиссияның құрамын айқындау және бекіту;

74) конкурстық (аукциондық) құжаттамаға өзгерістер мен (немесе) толықтырулар енгізу;

75) мемлекеттік сатып алу веб-порталына мемлекеттік сатып алу жүргізу туралы хабарландыруды орналастыру;

76) тапсырыс берушіге, мемлекеттік сатып алу веб-порталында автоматты түрде тіркелген, мемлекеттік сатып алу туралы шарттың жобасына конкурстық (аукциондық) құжаттаманы және (немесе) конкурстық (аукциондық) құжаттаманың техникалық ерекшелігін алған тұлғалар тарапынан сұрау салулар мен ескертулер жіберу;

77) конкурс (аукцион) тәсілімен орталықтандырылған мемлекеттік сатып алу женімпазын айқындау;

78) "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әлеуетті өнім берушілерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысуышылары деп тану туралы шешім қабылдау;

79) "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мемлекеттік сатып алудың өнім берушілерін жосықсыз қатысуышылар деп тану туралы сотқа қуыну талаптарын жіберу;

80) мемлекеттік сатып алу саласында республикалық тізілімдерді қалыптастыруды және жүргізуді жүзеге асыру;

81) мемлекеттік сатып алу саласында электрондық депозитарийді қалыптастыру және жүргізу;

82) Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің және халықаралық шарттарының жобаларын Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің құзыреті шегінде әзірлеуге қатысу;

83) адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қозғайтын нормативтік құқықтық актілерді қоспағанда, Комитеттің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің актілерінде оларды бекіту бойынша тікелей құзыреті болған кезде нормативтік құқықтық актілерді бекіту;

84) заңнамада белгіленген тәртіппен құзыretі шегінде жеке және заңды тұлғалардың отініштерін қарау;

85) Комитетінің құзыretі шегінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен құқықтық актілерді қабылдауды қамтамасыз ету бойынша жұмыстарды әзірлеу және ұйымдастыру;

86) экономика саласындағы келеңсіз процестердің алдын алу және оларды жою жөнінде ұсыныстар әзірлеу және Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыну;

87) Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетімен бірлесіп мақсаттарға қол жеткізу блогы бойынша операциялық бағалау жөніндегі әдістемені әзірлеу және бекіту;

88) Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін мемлекеттік бағдарламаларды әзірлеу және іске асыру;

89) гендерлік саясатты іске асыруға қатысу;

90) әкімшінің уәкілетті органмен және өзге де тұлғалармен электрондық тәсілмен өзара іс-қимылын жүзеге асыру тәртібін айқындау;

91) Комитетінің құзыretі шегінде нормативтік құқықтық актілердің жобаларын келісу және олар бойынша қорытынды ұсыну;

92) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де функцияларды жүзеге асыру.

### **3-тaraу. Комитеттің қызметін ұйымдастыру кезіндегі басшының мэртебесі және өкілеттіктері**

16. Комитетке басшылықты, Комитетке жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өкілеттіктерін жүзеге асыруға дербес жауапты басшы жүзеге асырады.

17. Комитет басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалады және лауазымнан босатылады.

18. Комитет басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалатын және лауазымнан босатылатын орынбасарлары болады.

19. Облыстар, республикалық маңызы бар қалалар және астана бойынша Қазынашылық департаменттерінің басшыларын орталық мемлекеттік органның басшысымен келісу бойынша аппарат басшысы лауазымға тағайындейды және лауазымнан босатады.

20. Комитет басшысының өкілеттігі:

1) өз орынбасарларының, Комитеттің облыстар, республикалық маңызы бар қалалар және астана бойынша Қазынашылық департаменттері басшыларының және құрылымдық бөлімшелері басшыларының міндеттері мен өкілеттіктерін айқынрайды;

2) заңнамаға сәйкес лауазымға тағайындейды және лауазымнан босатады:

Комитет қызметкерлерін;

облыстар, республикалық маңызы бар қалалар және астана бойынша Қазынашылық департаменттері басшыларының орынбасарларын;

3) заңнамада белгіленген тәртіппен тәртіптік жаза қолданады;

4) Комитеттің құрылымдық бөлімшелері туралы, облыстар, республикалық маңызы бар қалалар және астана бойынша Қазынашылық департаменттері туралы ережелерді бекітеді;

5) Комитеттің штат саны лимитінің шегінде штаттық кестені бекітеді;

6) Комитет қызметкерлерін іссапарға жіберу, демалыс беру, материалдық көмек көрсету, даярлау (қайта даярлау), біліктілігін арттыру, көтермелебеу, үстемеңдік төлеу және сыйақы беру мәселелерін белгіленген тәртіппен шешеді;

7) облыстар, республикалық маңызы бар қалалар және астана бойынша Қазынашылық департаменттерінің басшыларын іссапарға жіберу, демалыс беру, даярлау (қайта даярлау), біліктілігін арттыру, көтермелебеу, сыйақылар беру мәселелерін белгіленген тәртіппен шешеді;

8) өз құзыретінің шегінде Комитеттің құқықтық актілеріне қол қояды;

9) заңнамаға сәйкес Комитетті барлық мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдарда білдіреді;

10) сыйбайлар жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша дербес жауапты болады;

11) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Комитет басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оны ауыстыратын адам жүзеге асырады.

21. Басшы өз орынбасарларының өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес белгілейді.

#### **4-тарау. Комитеттің мүлкі**

22. Комитеттің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

Комитеттің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алған мүлік (ақшалай кірістерді коса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

23. Комитетке бекітілген мүлік республикалық меншікке жатады.

24. Егер заңнамада өзгеше белгіленбесе, Комитеттің өзіне бекітіліп берілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алған мүлікті өз бетімен иелікten шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

#### **5-тарау. Комитетті қайта ұйымдастыру және тарату**

25. Комитетті қайта үйімдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

**Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазынашылық комитетінің республикалық мемлекеттік мекемелері – аумақтық органдарының тізбесі**

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазынашылық комитетінің Ақмола облысы бойынша Қазынашылық департаменті.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті Ақмола облысы бойынша Қазынашылық департаментінің Ақкөл аудандық қазынашылық басқармасы.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті Ақмола облысы бойынша Қазынашылық департаментінің Аршалы аудандық қазынашылық басқармасы.

4. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті Ақмола облысы бойынша Қазынашылық департаментінің Астрахан аудандық қазынашылық басқармасы.

5. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті Ақмола облысы бойынша Қазынашылық департаментінің Атбасар аудандық қазынашылық басқармасы.

6. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті Ақмола облысы бойынша Қазынашылық департаментінің Бұланды аудандық қазынашылық басқармасы.

7. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті Ақмола облысы бойынша Қазынашылық департаментінің Зеренді аудандық қазынашылық басқармасы.

8. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті Ақмола облысы бойынша Қазынашылық департаментінің Біржан сал аудандық қазынашылық басқармасы.

9. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті Ақмола облысы бойынша Қазынашылық департаментінің Ерейментау аудандық қазынашылық басқармасы.

10. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті Ақмола облысы бойынша Қазынашылық департаментінің Егіндікөл аудандық қазынашылық басқармасы.

11. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті Ақмола облысы бойынша Қазынашылық департаментінің Есіл аудандық қазынашылық басқармасы.

12. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті Ақмола облысы бойынша Қазынашылық департаментінің Жақсы аудандық қазынашылық басқармасы.

13. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті Ақмола облысы бойынша Қазынашылық департаментінің Жарқайың аудандық қазынашылық басқармасы.

14. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті Ақмола облысы бойынша Қазынашылық департаментінің Қорғалжын аудандық қазынашылық басқармасы.

15. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті Ақмола облысы бойынша Қазынашылық департаментінің Қосшы қаласы бойынша қазынашылық басқармасы.

16. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті Ақмола облысы бойынша Қазынашылық департаментінің Сандықтау аудандық қазынашылық басқармасы.

17. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті Ақмола облысы бойынша Қазынашылық департаментінің Степногорск қалалық қазынашылық басқармасы.

18. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті Ақмола облысы бойынша Қазынашылық департаментінің Шортанды аудандық қазынашылық басқармасы.

19. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті Ақмола облысы бойынша Қазынашылық департаментінің Бурабай аудандық қазынашылық басқармасы.

20. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті Ақмола облысы бойынша Қазынашылық департаментінің Целиноград аудандық қазынашылық басқармасы.

21. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазынашылық комитетінің Ақтөбе облысы бойынша Қазынашылық департаменті.

22. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті Ақтөбе облысы бойынша Қазынашылық департаментінің Алға аудандық қазынашылық басқармасы.

